Психологтардың пайымдауынша, құндылықтар өзгерісі жеке жүйесін қалыптастыру бірте-бірте, оның онтогенетикалық дамуының барлық кезеңдерінде, әлеуметтену процесінде жүреді. Ол жасөспірімнің әртүрлі қызмет түрлеріне қосылуы барысында жасөспірімдік жаста белсенді өтеді. Даму барысында жасөспірімдердің бойына адалдық құндылық қасиетін сіңіру күрделі үдеріс. Адалдық бұл шынайылық пен қарапайымдылық секілді жақсы қасиеттерден қалыптасады. Біреудің сыртынан сөйлемейтін, өзгеге қиянат жасамайтын, шыншыл, сөзіне берік жанды тәрбиелеу. Бала адал болудың жолдарын ата-анадан үйренеді. Ол үшін отбасында балаға кіші мектеп жасынан бастап, адал болудың өзіне, қоғамға және Отанына тигізер пайдасының мол екенін ұғындыру қажет.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Адам бойындағы құндылықтар өзгерісін зерттеу: біріншіден, рухани адамгершілік, руханилық, әсемдік, ақиқат, ізгілік, еркіндік, рахымшылдық, кешірімділік, тәуелсіздік сияқты жалпыадамзаттық құндылықтардың өмірге еркін ене бастауы; екіншіден, жалпыадамзаттық құндылықтармен қатар, ұлттың өз мәдениетін меңгере отырып, әлемдік рухани ынтымақтастық рухта басқа ұлттармен бейбітшілікті сақтау; үшіншіден, балалардың белсенді өмірлік позициясын, жан дүниесін адами құндылықтар арқылы рухани адамгершілік пен руханилықты берік орнықтыру да маңызды (Бейсенбекова т.б., 2019).

Жеткіншек оқушыларды адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу, оның сапа-қасиеттерін бойына сіңіру болып табылады. Қазіргі кезеңде қоғамдағы ізгілікке, руханилыққа бет бұру оқу-тәрбие жұмысының рухани адамгершілік тәрбие негізінде ұйымдастырылуы қажеттілігін айқындап отыр.

Руханилық — бұл өмір емес, адамгершілік заңы, адамның адамдық қасиеттерін ашатын руханилықты көрсетеді. Адамгершілік сезім мінез-құлықты бірге

тәрбиелеуден тұрады. Адамгершілік тәрбиесі – мақсатқа бағытталған көзқарас пен сенім, парасатты мінез–құлық дағдыларын қалыптастыру. Адамгершілік – адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп, кісілік ұғымы. Имандылық тәрізді ұғымдармен бірдей мағына береді. Құндылықтар – идеалдарды қабылдау не болмаса қабылдамау сезімі арқылы адамның іс-әрекетін белгілейді. Құндылықты философиялық бағыт бойынша қарастыратын болсақ, бұл философиялық және әлеуметтік ұғым, қандай да бір объектінің сапалық сипаттарымен салыстырғандағы оң және теріс маңыздылығы негізінде көрініс табады (Ғарифолла Есім, 2004).

*Өмірлік құндылықтар* қоғамдық тыныс пен адамның ішкі байлығының ауқымын сипаттайтын, алғы шебін көрсететін мәтіндер мен рәміздердің жанрлар мен стильдердің жиынтығын құрайды, сондай-ақ, ол адамдардың этникалық тегі мен ортасын толықтыратын, этноұлттық болмыстың үйлесімділігін жалғастыратын дәстүр, салт, рәсім құрылымы. Қос ағымда ұрпақтан ұрпаққа берілетін адами тәжірибелердің үлгілері және ұлттық өміршең дәстүрдің ортасы әрі құралы. Ұрпақтық тәртіп пен тәжірибені қамтамасыз ететін талпыныс адами қарым-қатынасты орнықтырады һәм ұлттық мәдениетті, ұлттық характер мен тілді таратады. Ұлттық характер қоғамдық өмірдегі әлеуметтік, этникалық және психологиялық белсенділікті ұштастыратын құндылықтар – өмірлік тәсіл мен тәжірибенің күш алуына ықпалды әсер етеді (Жұбаназарова, 2013).

*Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы.* Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады.

*Ұлттық тәрбиеден нәр алған адам – рухани бай адам.* Ондай адам жалпы адамзаттық тұрғыда мәдени және рухани құндылықтарды бойына сіңіреді. Сөйтіп, толық әрі кәмел адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет — тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын –мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер.

Ұлттық тәлім–тәрбиенің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан қазақтың көптеген зиялы оқымыстылары ұлттық қасиеттерімізді ұрпақ бойында шығармалары арқылы жеткізуге тырысты. Соның бірі Абай Құнанбаев – кемеңгер ойшыл, халқымыздың ұлы ақыны, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы. Абай өлеңдері мен қара сөздеріндегі педагогикалық, терең психологиялық ой-пікірлері адамдардың адамгершілік қасиеттерін жетілдіруді көздейді. Ерінбей оқып көруге, жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды.

Абайдың жалпыадамзаттық құндылықтарды адам өз өмірінде қалай пайдалану қажеттілігі көркем суреттелген. Өлең-жыры, қара сөздері арқылы жеке тұлғаны тәрбиелеу ешқашан кеш еместігін жеткізген. Ақынның ақыл-кеңесіне бір сәт үңіле кетейік. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңмен өзің есеп ал» дейді. Демек, адамның өзін-өзі

тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. Абай: «Иегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой деметтің бәрі деақымақтық» дей келе, адамды тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның рөлінің ерекшелігін саралап көрсете білді. «Сүйекке біткен мінез сүйекпен бірге кетеді» дейтін теріс көзқарасты әшкерелеп, адам мінезі өмір барысынан сабақ алып, өзінің ғұмырында орын алған жағдайларға байланысты өзгеріске еніп, оның іс-әрекеттері арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды. Адам мінезінің түрлерін адамгершілік, моральдық, имандылық тұрғыдан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктейді. Рухани тазалықтың, ар-ұят пен адалдықтың мызғымас тірегі дін екенін сол қоғамда өмір сүріп отырған әрбір адам білуі шарт. Сондықтан да имандылық пен адамгершілік бір ұғым деп білген жөн.

*Имандылық – тәрбие бастауы.* Ата-анаға, бауырға деген жанашырлық, қамқорлық, Отанды сүю нағыз имандылық болып табылады. Жалпы Абай өлеңдері мен қара сөздерінің қамтитын әлеуметтік аясы өте кең. Көбі халықты кертартпа қасиеттерден арылып, ғылым, білім үйренуге жігерлендіретін, әрі жанға жайлы, жүрекке жылы тиетін махаббат өлеңдері болып келеді. Осы тұрғыда Абайдың «Толық адам» ілімі жөнінде аз-кем айта кеткенді жөн санадық. Әр кезеңдегі ойшылдар адам атының сақталып қалуы үшін толыққанды адам болудың жолдарын іздестірген және өздерінше әр қилы пікір білдірген. Бірі сол адамға лайықты дұрыс жол бар екеніне сенсе, енді бірі адам бойындағы қаншама сұмдықтарды көріп, қорықты. Енді соларға шолу жасасақ, төмендегідей анықтамалар шыға келеді.

Қоғамдық пәлсапалық һәм діни-танымдық тұрғыдан «адам» ұғымы аса терең. Мысалы, XI ғасырда өмір сүрген ислам оқымыстысы Ж. Руми: «Адамның болмысы – ішінде әр түрлі аңдар мекендейтін орманға ұқсас. Біздің бойымызда таза-лас, жаман-жақсы, имани-қайуани сияқты мыңдаған қасиеттер бар. Егер ішкі жан шаһарында қасқыр үстемдік ете бастаса, адамның қасқырға айналғаны. Жақсылықтар мен жамандықтар да жасырын жолдармен жүрекке келіп, құйылып тұрады. Сәт сайын адамның жүрегінде бір нәрсе бас көтереді. Сол себепті адам кейде жақсы сипатқа, кейде жаман сипатқа айналып отырады» деген екен. Ал, оқымысты Марк Орэл өзінің «Ойлар» атты кітабында: «Күнде таңертең адамдар арасына барып қосылғанда былай ойланам: бүгін мен адам бейнесіндегі кейбір жыртқыштармен кездесем, оларды ызаландырмай, өзім таланбай үйіме аман-есен оралуым керек» деп жазған екен. Адам туралы ең алғашқы мәдени-антропологиялық ой бастауында тұрған Сократ болды. Сократтың адам туралы ойының ең маңызды белгілері ретінде адамдар ойындағы ең жақсы құндылықтар, моральдық ұғымдар және мінез-құлық түрлері салыстырмалылық тұрғысынан өлшенген. Сократтың шәкірті Платон алғаш рет адамға анықтама берді. Оның анықтамасы бойынша «Адам – қауырсыны жоқ екі аяқты жануар сияқты» деп аталынды. Платонның шәкірті Аристотель анықтамасы бойынша «Адам ғана сөйлеу қабілетіне ие. Сөз пайдалыны да, пайдасызды да һәм әділеттілікті де, әділетсіздікті де

жеткізе алады. Осы қасиет адамдарды барлық тірі жәндіктерден ажыратып тұрады» делінген. Абайда да адам жаратылысының жан сыры туралы жүйелі де, жемісті таным бар. Ол өзіне дейінгі әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қ. Яссауи және Ж.Румидің кемел адам жайлы ой-пікірлерін әділет пен ақылдың сын таразысына салып, тұжырымдар жасады. VIII-IX ғасырда түрік халықтарының мінез-құлықтары, ой-танымын жолға салу әрекеті әл-Фараби ұстанған моральдық-этикалық ілімінда парасатты адам (инани фазыл) туралы танымында жатты. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік бере келіп: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» дейді. Әл-Фараби түрік әлемінде өз танымының негізі ретінде жүрекке шешуші мән беруі – Абай негізін қалаған «Толық адам» ілімінің түп төркіні қайда жатқандығын білдіретін құнды дерек көздеріне жатады.

Ал, Ахмет Ясауи ілімінде Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – топырақ сипатты болу, нәпсіні тыю. Топырақ сипатты болып, өзін халқына арнау кемелдікті білдіреді. Осылайша Ахмет Ясауи дүниетанымында «дертті адам», «топырақ адам», «кемел адам», сондай-ақ, «ғарип адам» тұлғалары дәріптеледі. Хикмет жолындағы «дертсіз адам» адамдық сезімнен жұрдай, қара басының қамын күйттейтін жан. Дертті адамның Ахмет Ясауи іліміндегі алатын орны ерекше. Ол хикметінде «Білімің – шырақ, халің – пілте, көз жасың – жағатын май» болсын дейді. Дертті, шерлі адам пілте болып жанып, қоғамның кемшілік тұстары мен ақсаған руханиятын көріп, қайрат-жігерімен одан шығар жол іздейді. Ахмет Ясауи ілімінде адамның жаратылыс мақсаты – Хаққа құлшылық ету (ибадат). Бұл ибадат – Хақты тану жолындағы ең жоғарғы мақам. Өйткені Ахмет Ясауи ілімі – дін, мәзһаб аясына сыймайтын шексіз ашық (махаббат) жол. Ғарип адамды кемелдік мәртебесіне жеткізіп, пайғамбардың қоғамдағы өкілі, ізбасары ретінде бағалайды. Сондықтан да Ахмет Ясауи «Қай жерде ғарип көрсең һәм дем болғын» дейді. Яғни, оларға дем бер, қолдау көрсет, қасынан табыл, құрметте дегені еді. Міне, Абайдың «толық адам» туралы танымы да Сократтан басталатын Платон, Аристотельдегі «сүюді сүйеніш еткен адам», Қытайлардың дао іліміндегі «әбден жетілген адам» (совершенно мудрый человек), Шығыс ойшылдары мен суфизмдегі «пенделіктің кәмалаттығына ұмтылған адам», атап айтар болсақ, Әл-Фарабидегі «Кемел адам», Жүсіп Баласағұнның дастанында көрініс тапқан «Жауанмәрттілік» ілімі және Ахмет Ясауи дүниетанымындағы «дертті адам», «топырақ адам», «ғарип адам» секілді тұлғаларымен сабақтасып жатқан секілді. Көне қытай ойшылдары адамның адамдық қасиетін сыртқы көрінісінен іздейді. Ұлы ойшыл Конфуцийдың пікірінше адам үш түрлі болады:

Дана адам – асып таспайды,
Жақсы адам – күй талғамайды,

Батыл адам – қорықпайды, - дейді. Сонымен қатар қытай жұртының

ғұламасы, дао ілімінің негізін қалаушы Чжан – Цзы: өзінің арғы тегінен ажырамайтын адамды «Аспан адамы», рухани бастауынан бөлінбеген адамды «Қасиетті адам», шындықтан бөлінбеген адамды «Кемел адамға» жатқызған екен. Тағы да осы шығыс ғұламаларының даналық өсиеттерінде:

«1. Ештеңе білмейтін, бірақ, ештеңе білмейтінін түсінбеген адам — ақымақ. Оны айналып өт.

2. Ештеңе білмейтін, бірақ, өзінің білмейтінін түсінген адам — шәкірт. Оған ілім үйрет.

3. Барлығын білетін, бірақ, білгенін іске асырмайтын адам — ұйқыдағы жан. Оны оят.

4. Барлығын білетін, білгенін іске асыратын адам –данышпан. Оны ұстаз тұт!» деген кемел ойлар айтылады.

Абай адамдықтың биік деңгейін иманмен өлшеген. Өзінің қара сөздерінде «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп кесіп айтқан. Абайдағы толық адам туралы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1986 ж.) өлеңінен бастау алып, ақынның «Адам болам десеңіз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылып, жыл өткен сайын күрделене түсуде. Толық адамның тұла бойын толтырар ізгі қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқын көрсетілген:

«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер малшашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.

Осы өлеңді білмейтін қазақ жоқ шығар. Абайды кім оқымады, Абай туралы кім азбады десеңізші! Пікірлер күнде өзгереді, ал, Абай сол қалпы. Өлеңге келер болсақ, өте түсінікті өлең. Жаман мен жақсының ара жігін бөліп, талдап жазған. Мүмкін, дәл солай қабылдау керек шығар?! Бірақ,біз өзімізше бір талдау жасадым. Өлеңде бір реттілік заңы байқалады. Мысалы: «Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ...» Бәрі осы өсектен басталады. Әңгіме болсын деп өсек айтамыз. Ал, өтірік қосылмаса, өсектің дәмі келмейді. Өсек пен өтірікті қатар айтқан адам мақтанудан да құр қалмайды. Осы үшеуі негізі еріншек, жалқау адамның әрекеті. Тірлігі бар адамның өсек айтуға да уақыты болмасы сөзсіз!

«Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, Аздырар адам баласын». Тағы да Абай! Жұмыссыз, жалқау адам «бекер мал шашпағанда», қайтеді? «Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рахым ойлап қой...». Таудай талапсыз армандарға жету

екіталай. Талап бар, енді мақсатқа жету үшін еңбек, жай еңбек емес, терең оймен ұштасқан еңбек керек. Осы үшеуі болған жерде нәтиже де болуы сөзсіз. Сол нәтижеге қанағат етіп, адамдарға қол созып, рақым ойлап қоюды да ұмытпау керек. Әрине, бұл тек менің өз ойым ғана! Адам болу туралы ой-танымын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көп нәрсенің төркінінен хабар беруі себепті М. Әуезов бұл өлеңді «Абайдың, әсіресе, көп ой қорытпай айтқан мағыналы да програмдық бір өлеңі» деп ерекше мән бере бағалауында үлкен сыр жатыр. Осылайша Абай жас өркеннің бағдар түзер айқындамасы ретінде талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахымды атайды. Абай атаған бес қасиет негізінен толықтықты танытатын үш қасиетті құрайды: талап пен еңбек – қайратты танытса, терең ойыңыз – ақыл, ал қанағат пен рахым – жүректен туатын қасиеттер. Адам бойындағы осы үш қасиетті ерекше танып білуге тұратын таным екенін ақын «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде:
«Үш-ақ нәрсе — адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп нақтылай түсаді. «Ыстық қайрат» — бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» — елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» — иманды, иманжүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады.

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек» дейді. Олай болса, Абай үшін дүниенің басты құндылығы – адам, жай ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген толымды адам. Абайдың арманындағы толық адамның іргетасы дінмен ұштасып, дінмен дамиды және дінмен жетіледі.

Кесте 1- Құндылықтардың жіктелуі

| Жалпы адамзаттық құндылықтар | Жоғары сапа деңгейіндегі құндылықтар | Рухани – адамгершілік имани құндылықтар |
|---|---|---|
| адам өмірі, бостандық, отбасы, қарым-қатынас, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, тәуелсіздік | адам конвенциясы, демократия, азаматтық қоғам, өркениет, әлеуметтік мәдениет т.б. | мәдениет, саясат, әдебиет, отан, ана, жер, дін, діл, ар-ождан, парыз, ерік, жігер, күш, махаббат, қайырымдылық, мейірімділік |

Жасөспірімдердің құндылық бағдарды қалыптастыру үшін рухани адамгершілік нормаларының белгілі бір түрлерінің іс-әрекет үстінде (рольдік ойындар, аутотренинг жаттығулар), құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас барысында, ұлтаралық қатынастағы басқа ұлт өкілдеріне деген, жалпы адамға деген құрмет пен сыйластық сезімдерінде, сондай-ақ биік адамгершілік қадір-қасиеттердің ең қарапайым нормалары болып саналатын әдептілік, қарапайымдылық пен сыпайылық, қайырымдылық, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету, моральдық сана тұрғысынан сапалылығын үнемі байқап,

реті келгенде өнегелік үлгі ретінде тұлғалық қасиеттерін құрметтеп, өзіндік «Менін» көтермелеп отыру қажет. Рухани адамгершілік тәрбиенің басты міндет-миссиясы – оқушыларды ағайын-тумамен, доспен сыйласу мен ұяттың не екенін түсіне білетін, өзін танитын тұлға ретінде қалыптастыру. Сыртқы ортаның көптеген оқыс кедергілеріне деген сынушылық, бойындағы өзіндік «Менді» жоғарылату төзімділік арқылы жүзеге асады. Төзімділік – түрлі қиыншылықтарға адамның қарсы көрсететін шыдамы. Онсыз өмірде борша опырылып қалу әбден белгілі. Үмітсіздікке берілмеуге өскелең ұрпақ дайын болғаны абзал. Кез-келген жеке тұлға болашаққа үмітпен қарап, бастарына түскен қайғыдан тез жинақталып шығу керек. Оқушылардың рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың нәтижелігі, олардың бойына биік адамгершілік мінез-құлық нормаларын сіңдіруге және моральдық сананың қалыптасуын жақсартуға ықпал етуші – нақты орта, объективті жағдай мен субъективтік факторларды – оқу-тәрбие процесі, қарым-қатынас, көзқарас және басқа да үнемі есепке алып отыруға тікелей байланысты. Сондықтан мектеп қабырғасында оқушыларды әсіресе жасөспірімдерді әрдайым жігерлендіріп отырған дұрыс. Жетістікке жетелейтін бірден-бір жол екендігі айтылу керек. Бұл тұста әркімнің ерік-жігерінің мықтылығы, сабырлығы өзіне байланысты.

Рухани адамгершілік тәрбиелеу кезінде жасөспірімдерге жалпыадамзаттық құндылықтар тереңірек түсіндіріліп, кеңейтіледі, өмірдің жағымды жақтарын үйренуге, түсіне білуге дағдыландырады. Қ. Сәтпаевтың сөзін еске алсақ, «Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер» деген. Сабақ барысында тәрбиеленушілер өзіндік «Мен» дегеннің бар екендігін біледі, өзіне баға беріп, өзін басқа жақтан өзінің сыртқы тұрпатын, ерекшеліктерін және мінез-құлқының ерекшеліктерін көруді үйренеді, жеткен жетістіктері мен табыстарын талдайды. Яғни, бір сөзбен айтқанда жеке ішкі эгосы қалыптасады. Сабақтарда мейірімділік, өзара қызығушылық, шынайылық, өзгенің ой-пікірін сыйлау, ынтымақтастық сферасы жайлайды.

Жасөспірім кезеңінде адам өте қарқынды дамиды. Осы жаста тұлғалық құндылықтар құрылымының және бірінші кезекте, жеке тұлғаның рухани саласының негізі қаланады. Бұл «құндылықтар-мақсаттар» өзіндік иерархиясын құру уақыты, ол бала тұрған ортаның, әлеуметтендіру, сондай-ақ тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеу процесінде пайда болған жеке өмірлік тәжірибесінің әсерінен қалыптасады. Бұл жаста әлеуметтендірудің барысы мен мазмұнына әсер ететін психофизиологиялық өзгерістер болады. Оның барысында қоғам мен индивидтің әлеуметтік-тарихи тәжірибені, мәдениетті, мінез-құлық ережелері мен нормаларын, құндылықты бағдарларды меңгеруі жүзеге асырылады. Осы кезеңде жасөспірімдердің жеке тұлғасын қалыптастыру, оларға әлеуметтік маңызды қасиеттерге ие болу белсенді процесі жүріп жатыр. Оқушыларды тәрбиелеу ісімен айналысып жүрген мұғалімдер қарапайым болып көрінген әдеп нормаларына мән беру керек. Этикалық қарым-қатынастарды күнделікті өмірде қолдану бұл жастар үшін үлгі. Әдеп – адамдар арасындағы қарым-

қатынаста сыпайылық таныту. Мұғалімдердің тыңдау және сөйлеу, киім кию әдебі.

Психологтар жасөспірімдер жасын ағзада, сондай-ақ санада, индивидтің қызметі мен өзара қарым-қатынас жүйесінде болып жатқан түбегейлі өзгерістерге байланысты жас дамуының сыни кезеңдерінің қатарына жатқызады. Осы кезеңде жасөспірімнің психофизиологиялық ерекшеліктері арасында тез өзгерістер орын алады. Бұл оның ересектер әлеміне деген қажеттілігін белсендіруге, қоршаған ортаның нормалары мен құндылықтарына мінез-құлықты бағдарлауға, өзін-өзі тану мен өзін-өзі бағалауын дамытуға, өзіне жеке тұлға ретінде, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне, әлеуметтік және кәсіби бағдарына қызығушылығына әсер етеді. Өзін–өзі дамыту бойдағы бар қабілеттерді, одан әрі ішкі белсенділікті көтеру, өмірлік жолдың өзіндік траекториясын қалыптастыру. Тұлғалық қатынастардағы даму үстіндегі кеңістіктегі жасөспірімдердің өздерін қабылдату дәрежесі.

Құндылықтық бағдарлардың бағыттылығы жасөспірімдердің мінез-құлқы мен қызметін анықтайды, ол конструктивті және деструктивті сипатқа ие болады.

Ересек жасөспірімдік жастағы құндылық бағдарларының ерекшеліктерін анықтау мақсатында осы жас кезеңінің психологиялық ерекшеліктерін бөліп аламыз (2-кесте).

Кесте 2- Жасөспірімдердің құндылық бағдары өзгерістерінің туындау себептері

| № п/п | Белгілері | Белгі сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1. | Анатомо-физиологиялық ерекшеліктері | Дененің ұзындықтағы күрт өсуі; жүрек-қантамыр жүйесінің дамуындағы жас сәйкессіздігі; ішкі секреция бездерінің қарқынды қызметі; пубертат кезеңі (жыныстық жетілу);<br>жүйке жүйесі қызметіндегі өзгерістер: тітіркендіргіш, жоғары қозу, шашыраңқы көрінеді. |
| 2. | Ойлауды дамыту | Абстрактілі ойлау қабілетін дамыту; нақты бейнелі және абстрактілі ойлау арасындағы қарым-қатынасты өзгерту; зейінді және есте сақтау процестерін басқару қабілетін қалыптастыру; проблеманы тереңірек зерделеу қабілетін қалыптастыру; зияткерлік даму шыңына жету |
| 3. | Эмоциялық сезімді дамыту | Мазасыздану деңгейінің өсуі; эмоциялық сезімталдық деңгейінің артуы; дисгармония жасөспірімдік синдромы (өз денесімен және сыртымен алаңдаушылық);<br>жасөспірімдер сенситивтілігі (өзінің басқа келбетін, қабілетін, іскерлігін бағалауға сезімталдық);<br>артық сындылық, басқаларға қатысты өзін-өзі сенімділік; бір жағдайдан бір жағдайға күрт ауысумен көңіл-күйдің өзгергіштігі және т.б. |
| 4. | Тұлғаның дамуы | Өзіндік сана-сезімді, өзін-өзі бағалауды қалыптастыру; ересек сезімнің пайда болуы; «жасөспірімдер дағдарысы», (себептері: ақыл-ой және дене дамуының жылдам қарқынының жасөспірімдердің әлеуметтік жетілу деңгейіне сәйкес келмеуі, негізгі салдары: тәуелсіздікке, дербестікке ұмтылу; Мен-тұжырымдаманың құрылымындағы өзгерістер: ұялшақтық, эгоцентризм, өзін-өзі құрметтеудің төмендеуі, өзін-өзі бақылауға бейімділіктің күшеюі, шешім қабылдауда құрдастары мен ұжымының пікірінің басым болуы; адамгершілік сананы дамыту: ұғымдарды, сенімдерді, бағалау пайымдаулары жүйесін дамыту; адамгершілік идеалдарды қалыптастыру; тұлғаның ерік-жігерлерін дамыту; қарым-қатынасқа, өзін-өзі бекітуге сензитивтілік; уақытты дискретті қабылдау (ол шектелмеген) жеке өткен және болашаққа бағдар) |

Құндылық – өміршең дәстүрдің ортасы әрі құралы. Өмірлік құндылықтар адамдардың өзара сыйласуы,

Ғылыми педагогикалық әдебиеттің талдауы педагогикадағы «құндылық» ұғымы адамның әлем туралы білімі, меңгерген мәдени мағынасы негізінде пайда болатын және оның өмірлік тәжірибесімен негізделген, мінсіз болмысқа қол жеткізуге және үйлесімді дамуға бағытталған қарым-қатынас әрекеті екендігін көрсетеді.

## ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Эксперименттік зерттеу жұмысы Орал қаласы қаласындағы №50 жалпы білім беретін мектепте 7 «А», «Б» сыныптарына жүргізілді. Зерттеу үш кезеңнен тұрды – айқындау, қалыптастыру, қорытынды.Экспериментке барлығы 50 оқушы қатысты. Сауалнамада жасөспірімдердің санадағы құндылықтар, іс-әрекеттегі құндылықтар, жалпы құндылықтар анықталды. Оның ішінде 25-і бақылау тобына, 25-і эксперименттік топқа алынды.Сұрақтарда оқушылардың мейірімділік, адалдық, басқа адамдарға (соның ішінде үлкендерге де) мұқият және құрметпен қарау сияқты адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы диагностикаланды.

1-сурет. Анықтау кезеңі




Жеке тұлғаның құнды бағдарларды зерттеу мақсатында М. Рокич сауалнамасы жүргізілді. Бұл әдістеме құндылықтар тізімін тікелей іріктеуге негізделген. М. Рокич құндылықтардың екі класын ажыратады:

1. Терминалдық-жеке өмір сүрудің түпкі мақсаты оған ұмтылу үшін тұр деген сенім. Стимулдық материал 18 құндылықтан тұрады.

2. Инструменталды (аспаптық) қандай да бір іс-әрекет түрі немесе жеке тұлғаның қасиеті кез келген жағдайда артықшылық болатынына сену. Стимулдық материал да 18 құндылықтан тұрады.

2-сурет.Оқушыларының терминалдық құндылықтары.




7 сынып оқушылары өмірлік даналық, денсаулық, бақытты отбасылық өмір негізгі құндылықтар болып табылады. Бұл ретте белсенді әрекет, қызықты жұмыс, махаббат, еркінддік, сенімділік сияқты құндылықтар аз таңдалынған.

3-сурет. Оқушылардың аспаптық құндылықтары




7 сынып жасөспірімдерінде ұқыптылық, тәуелсіздік, өзін-өзі бақылау, адалдық, жауапкершілік артықшылық аспаптық құндылықтар болып табылады. Бұл ретте жоғары сұраулар, орындаушылық, жауапкершілік, сондай-ақ қатты ерік, сезімталдық сияқты құндылықтар қабылданбайды. Осылайша, бақылау және жүргізілген сауалнама барысында жасөспірімдер санасында ең маңызды терминалдық құндылықтар – жақсы достар, махаббат, еркіндік және материалдық қамтамасыз ету, ал құралдық-көзқарастар кеңдігі, адалдық, берік ерік және білім беру болып табылатыны анықталды.

Мейірім жүректе, өз ісіне, достарына адалдық құндылығын түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жасөспірімдер үшін үлгі-өнеге көрсету, күнделікті

өміріне араласып жүріп, жойылып бара жатырған қасиеттерді дәріптеуге көзқарастарын өзгерту. Болашақ ұрпақ өзіңнің сапалы білім мен ұлттық тәрбиені бойына сіңіру арқылы, мемлекетінің дамуына зор үлес қосатынын сезінгені жөн. Мектепте сынып ішіндегі адалдық мұғалімнің жалпыға бірдей көзқарасынан басталады. Оқушыларды теңдей көру – адалдықтың дәл өзі.

Ұйымдастырылған тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстары барысында сабақтарды өткізу нәтижесінде эксперименттік және бақылау сыныптары оқушылары деңгейін салыстырғанда, олардың білімдері бір-бірінен біршама айырмашылықтары бар екендігіне көзіміз жетті.

Экспериментке дейін және эксперименттен кейін жасөспірім оқушылардың санадағы құндылықтар, іс – әрекеттегі құндылықтар, жалпықұндылылық деңгейлерінің қалыптасу диаграммалары 2-інші және 3-інші суреттерде сипатталады (сурет-2,3).




4-сурет – Эксперимент тобындағы жасөспірімдердің жалпыадамзаттық құндылық көрсеткіштері




5-сурет – Бақылау тобындағы жасөспірімдердің рухани адамгершілік құндылық көрсеткіштері

Келтірілген мәліметтер жасөспірімдердің жалпыадамзаттық құндылықтарын дамытудың тиімділігін дәлелдейді.Сауалнамадағы санадағы құндылықтарға бағытталған сұрақтарды талдау нәтижесінде жасөспірім «қоғамда өмір мәні жайлы пікірлер, таным-түсініктер жиі қозғалып жүр. Өмірге не үшін келдім деп ойлайсың?» деген сұраққа жеткілікті деңгей көрсеткен оқушылар эксперимент тобынан 23%-ға бақылау тобынан 6,1%-ға артты, орта деңгей эксперимент тобынан 13%-ға артты, бақылау тобынан 8,7 %-ға артты, ал төмен деңгей эксперимент тобынан 19,5%-ға, бақылау тобынан 8,7%-ға кеміді. Іс-әрекетке бағытталған құндылықтарды анықтауда берілген «жақын құрбың емтихан уақытында кейбір тапсырмаға жауап жаза алмай қиналуда. Оған көмектессең, өз жұмысыңды атқаруға уақыт жетпей қалады. Мұндай кезде қандай шешім қабылдар едің?» сұрағына мәселен талдау жүргізсек, жеткілікті деңгей көрсеткен оқушылар эксперимент тобынан 20%-ға, бақылау тобынан 9,4%-ға артты, орта деңгей эксперимент тобынан 1,5%-ға артты, бақылау тобынан 4,7%-ға артты, ал төмен деңгей эксперимент тобынан 21,5%-ға кеміді, бақылау тобынан 9,4%-ға артты, яғни бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Жалпықұндылықтарға бағытталған сұрақтар бойынша жасөспірімдердің мейірімділік, адалдық, үлкенге құрметпен қарау сияқты адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы диагностикаланды. Эксперименттен кейін жоғары деңгей 38,7%-ға жоғарылады, орта деңгей – 42,5%, төменгі деңгей 18,8% көрсетті; бақылау тобында алғашқы көрсеткіштер жоғары деңгей 22%, орта деңгейі 42,5%, төменгі деңгей 35% болса, соңғы көрсеткіштер жоғары деңгей 28,8%, орта деңгей 45%, төменгі деңгей 26,2%-ды көрсетті, яғни бақылау тобында атап айтарлықтай өзгерістер байқалмады. Бұл зерттеудің ғылыми гипотезасының дұрыс екендігін дәлелдеп, алға қойған міндеттердің нәтижелі орындалғандығын көрсетеді.

Қорытынды эксперимент барысында жасөспірімдерді санаға, іс – әрекетке бағытталған жалпықұндылықтарды қалыптастыруда олардың дүниетанымына баса назар аударылып, педагогикалық іс – әрекеттерде қолданған әдіс – тәсілдердің тиімді екендігі айқын дәлелденді. Бұл тиімділікті ұсынылған қорытынды мәліметтерден көруге болады. Ой-санасын жетілдіру, адами құндылықтарының дамығандығын, сабақ, еңбек ойын әрекеттерінде қолдана білу білімі мен дағдысының экспериментке дейінгі деңгейімен салыстырғанда артқандығы дәлелденді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру жүйесіндегі реформа жас ұрпақтың әрқайсысының жеке тұлға ретінде қалыптасуында маңызды мәселелерді шешудің түрлі жолдарын қалыптастыруды көздейді. Әр жас өркеннің азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ететін қоғамдағы негізгі де, жауапты сала, ол – білім беру жүйесі. Қоғам өмірінің барлық сфераларында терең өзгертулер жүруде. Соның ішінде келешек ұрпақтың құндылықты бағдарлы өзгерістерін зерттеу де өзекті мәселе болып тұр.

Заман талабына сай білім беру жүйесі өзінің басым бағдарын жасөспірімдердің құндылық бағдары өзгерістері, рухани адамгершілік тұрғыдан кемелденуіне аударыла бастады. Уақытылы адамгершілік құндылықтары қалыптаспаса, бұл қасиеттер адам дамуына тек кедергі болып қана қоймай, сонымен қатар жасөспірімдердің дамуында әлеуметке қарыс мінез-құлықтың болуына әсерін тигізеді. Әр адам бойындағы игі құндылықтарды бала күнінен ата-анасынан, күнделікті тұрмыс тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіретіні рас. В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады» деген.

Эксперименттік жұмыс нәтижелері жасөспірімдердің құндылық бағдары өзгерісін оң бағытта ауыстырып дұрыс көзқарас қалыптасуында халықтық педагогика құралдарының айрықша мәнге ие болатындығын көрсетті. Ең бастысы, әрбір оқушыны табысты іс-әрекетке жеткізу үшін мұғалімнің өзі іс-әрекетін табысқа жететіндей құра білу керек. Оқушыларға дұрыс тұлғалық қатынас жасау, әрбір тәрбие жұмысын ізгілендіру қағидалары негізінде құру, жүйелілікті басшылыққа алу принциптері мұғалімнің жасөспірімдерге ұлттық тәрбие беру тиімділігін қамтамасыз етеді. Ерте жастан еңбектенудің қажет екенін насихаттау арқылы нәтижелі жұмыс істеуге деген ынта-ықыласын ояту – басты мақсат. Әрине, бұл жерде материалдық, әдістемелік, психологиялық жағдайлар да негізге алынуы қажет. Ол – ата-аналардың өз баласына үнемі үздіксіз үйретуі арқылы дағдыға айналады. Әрбір оқушыны табысты іс-әрекетке жеткізу бір іске зейінді, жауапты атқару, аз сөйлеп, көп тыңдап, бүгінгі ісін ертеңге қалдырмауға үйрету.

Жасөспірімдерге халықтық педагогика құралдары арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен оны іске асырудың әдістемесін эксперименттік түрде тексеру оның барлық кезеңдерінде нәтижелі екендігін, бастауыш мектепте пайдаланудың тиімділігін көрсетіп, біздің зерттеуіміздің ғылыми болжамының дұрыстығын дәлелдеп берді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

Асанов Н.А., Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Тұлғаның рухани-адамшершілік тәрбиесі. –- Алматы, 2018

Абай Құнанбайұлы «Қалың елім, қазағым...», Өлеңдер, «Атамұра» баспасы, Алматы, 2002, 50 – 83 б.

Әрінова Б.А., Гайбуллаева С.С. Қазақ ағартушыларының еңбектеріндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың гумандық сипаты // Менеджмент в образовании.–2015.–№2. – Б. 66-69

Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М. Жас ерекшелік психологиясы. Қарағанды, 2019

Ғарифолла Есім «Абай туралы философиялық трактат», Алматы, «Қазақ университеті» баспасы, 2004, 60 – 81 б.

Жұбаназарова Н.С.Жас ерекшелік психологиясы. Алматы, 2013

Молдабеков Ж. Өзіндік таным. Алматы, 2014

Мун М.В., Садықова Н.М. Дифференциалды психология. Алматы, 2017

Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні. — Алматы. 2001

Өмірәлиев Қ. Келімбетов Н. – Классикалық зерттеулер, «Әдебиет әлемі» баспасы, Алматы, 2013, 154-167 б. 10

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдеде бекітілген N 319 Білім туралы Заңы // Егемен Қазақстан. – 2007, тамыз-15

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары Әдістемелік құрал,- Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2003.-64 б.

**REFERENCES**

Asanov N.A., Alkozhaeva N.S., Toleshova U.B. Spiritual and moral education of a person. – Almaty, 2018. Law of the Republic of Kazakhstan N 319 on Education approved on July 27, 2007 // Independent Kazakhstan. – August 15, 2007

Abai Kunanbayuly "Kalyn elim, kazagym...", Poems, "Atamura" publishing house, Almaty, 2002. Pp. 50-83. Nurysheva G.Zh. Philosophical meaning of human life. — Almaty. 2001

Arinova B.A., Gaibullaeva S.S. Humane nature of spiritual and moral values in the works of Kazakh educators // Management in education. – 2015.-№ 2. – B. 66-69

Ways to renew the education system based on universal and national values and innovative approaches of teachers Methodological tool, Astana: National Academy of Education named after Y. Altynsarin, 2003.– 64 p.

Beisenbekova G.B., Moldabaeva R.A., Nurgalieva S.M. The psychology of youth. Karaganda, 2019

Garifolla Esim "Philosophical treatise on Abay", Almaty, "Kazakh University" publishing house, 2004. Pp. 60-81

Zhubanazarova N.S. The psychology of youth. Almaty, 2013. Moldabekov Zh. Self-knowledge. Almaty, 2014

Mun M.V., Sadykova N.M. Differential psychology. Almaty, 2017

Nurysheva G.Zh. Philosophical meaning of human life. — Almaty. 2001

Umiraliyev K. Kelimbetov N. - Classical studies, "World of Literature" publishing house, Almaty, 2013. Pp. 154-167. 10

Law of the Republic of Kazakhstan N 319 on Education approved on July 27, 2007 // Sovereign Kazakhstan. – August 15, 2007

Ways to update the educational system based on universal and national values and innovative approaches of teachers Methodological tool, Astana: National Academy of Education named after Y. Altynsarin, 2003. – 64 p

**Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www.elsevier.com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will onh accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**www: nauka-nanrk.kz**

**ISSN 2518–1467 (Online),**

**ISSN 1991–3494 (Print)**

***http://www.bulletin–science.kz/index.php/en***

Заместитель директор отдела издания научных журналов НАН РК *Р. Жәлиқызы*

Редакторы: *М.С. Ахметова, Д.С. Аленов*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*

Подписано в печать 28.02.2023.

Формат 60х881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

27,5 п.л. Тираж 300. Заказ 1.

---

*Национальная академия наук РК*

*050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-19*